

## **"Интернат үйіндегі қабылдау кезіндегі медициналық көрсеткіштер мен қайшы көрсеткіштер туралы" НҰСҚАМА**

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1997 жылғы 2 қыркүйек N 383. ҚР Әділет министрлігінде 1997 жылғы 7 қазанда тіркелді. Тіркеу N 383. Қолданылуы тоқтатылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.

### **1. "Интернат үйі", "Еңбек ардагерлерінің пансионаты"**

"Интернат үйіне", "Еңбек ардагерлерінің пансионатына" денсаулық сақтау мекемелерінде тұрақты емделуге жатпайтын, денсаулығына байланысты тұрмыстық қызмет көрсетуге, күтімге және медициналық көмекке мұқтаж қарттар мен мүгедектер қабылданады.

Осы типті мекемелерге жүйке аурулары мен жүйке ауруларына ұқсайтын соматикалық аурулар, есуастықтың жеңіл түрлері, талма ауруларының сирек түрлері (2-3 айда бір реттен аспайтын), ақыл-есі кем емес психикалық жүйке ауруларымен ауыратын адамдар жіберіледі.

### **2. "Психикалық-жүйке ауруларының интернаты"**

"Психикалық-жүйке аурулары интернатына" есуастық деңгейін көрсететін ақыл-есі кем және нақұрыс, сондай-ақ психикасындағы кемістіктің тұрпайы байқалуы немесе ақылы кем психикалық белгілерінде шиелініскендік жағдайлары байқалмайтын психикалық аурулардың созылмалы түрлерімен зардап шегетін адамдар қабылданады:

- а) психотикалық белгілерінің кемістіктері шиелініспеген шизофрения;
- б) эквиваленттер мен дірілдеген сирек (айына бес реттен аспайтын) талма аурулар және ақыл кемістігі байқалатын қояншық ауруларының әр түрлері;
- в) ақылының кемістігіне әкеп соқтыратын бас сүйегі мен ми жарақатының зардаптары;
- г) ақыл кемістігіне әкеліп соқтыратын жұқпалы және басқа да бас миының органикалық (энцефалиттер, туберкулез менингиттері, менингоэнцефалиттер, ми сифилисі және т.т.) ауруларының зардаптары;
- д) ақыл кемістігіне әкеліп соқтыратын созылмалы маскүнемдіктің зардаптары;
- е) психомоторлық мазасыздық пен созылмалы немесе сана өзгерістерінің

қайталануынан кемістігіне әкеліп соқтыратын тамыр және сеніл аурулары.

"Психикалық-жүйке аурулары интернатына" жіберуге қайшы көрсеткіштер психикалық аурулардың шиеленіскен және шиеленіске жақын сатылары және аурулардың өзі мен айналасындағыларға қауіпті (жыныс бұрмалаушылығы, гиперсексуалдығы, біреуді азаптауға (садистік) бейімділігі, агрессияға, өртеуге, дромаманияға жақындағы, тамақтан бас тартуы, суициалдық тенденциясы және т.т.) тәртібінің бұзылуы мен бұзылған дәрежі әуестенушілігі, психикалық белгілерінің бұзылғандығын сипаттайтын созылмалы психикалық аурулардың шиеленіскен мынадай түрлері болып табылады:

а) тұрақты емделуді қажет ететін жиі декомпенсациямен аурудың қайтаналануы немесе кез-келген жиі ұстайтын шиеленіске жақын прогрессивті психикалық аурулары;

б) қояншық ұстауы және сериялық талма ауруына, қояншықтық статүсқа, ақыл-есінің шығасылы-кіресілі жағдайына, дисфорияға бейім, талма ауруының жиі (айына бес реттен артық) ұстайтын басқа этиология дірілдек синдромы;

в) созылмалы маскүнемдік, нашақорлық, сондай-ақ созылмалы маскүнемдіктің немесе нашақорлықтың кез-келген асқынған психикалық ауруларының түрлері;

г) түрлі генездің ашық көрсетілген депрессивтік және маниакалды жағдайы, ұзаққа созылған реактивті түрі;

д) анық көрінетін психикалық ауру сияқты, сондай-ақ тиімді, эксплозивті, параноидты, параноялды қояншықтық.

### **3. Балалар интернат үйі**

Дене дамуында ауытқулары бар балаларға арналған балалар интернат үйіне зерделі және қозғалу мүшелері бұзылған, біреудің көмегінсіз қозғалмайтын, қозғалу мүшелерінің қатты бұзылуынан өздеріне қызмет көрсете алмайтын, жеке күтімді қажет ететін мына аурулармен ауыратын балалар қабылданады:

мидың сал ауруының әртүрлі этиологиясы; полиомиелит зардабынан қалпына келтіру және резидуалдық кезеңіндегі; қозғалып жүру мүшелерінің туа бұзылуы және кейіннен бұзылуы; артрогриппозбен, хондродистрофиямен, тұқым қуалайтын дене мүшелерінің бұзылуы және бұлшық еттердің жүйке аурулары.

Дене дамуында ауытқулары бар балаларға арналған балалар интернат үйіне психикалық аурулармен, олигофренияның барлық дәрежесімен, талма ауруының қояншық түрлерімен, орны толмайтын гидроцефалиямен ауыратын балалар қабылданады.

Ақыл-есінде ауытқулар бар балаларға арналған балалар интернат үйіне мына жағдайдағы және мынадай аурулармен ауыратын балалар қабылданады: есуастық, имбецилдық дәрежедегі олигофрения;

ақыл-есі кем болғанда сирек (айында 5 реттен жиі емес) талатын қояншық (оның ішінде білініп тұратын) ауруы;  
өнімсіз симптомды ақауы білінген шизофрения;  
бастағы миға органикалық зақым келудің салдарынан болған ақыл-естің кемдігі;

қосалқы сыныптарға сәйкес арнаулы мектеп интернатта (басқа біреудің көмегінсіз қозғала алмайтын, жеке күтімді қажет ететін, қозғалу мүшелерінің ауыр бұзылуынан өздеріне қызмет ете алмайтын) оқуына ауырлық тудыратын қозғалу функцияларының дәрекі бұзылған, есалаңдықты қоса отырып, ақыл-есі кем ауруларының барлық дәрежесі;

арнаулы мектеп-интернатта оқуына ауырлық туғызатын қозғалу функцияларының дәрекі бұзылуы, есалаңдықты қоса отырып, ақыл-есінің кемдігінің барлық дәрежесі және соқырлығы (нашар көруі) немесе керемдігі (нашар естуі)

Ақыл-есінде ауытқулары бар балаларға арналған балалар интернат-үйіне мынадай аурулармен ауыратын балалар қабылданбайды:

өнімді симптомы бар, адамның кемшіліктері байқалмайтын шизофрения;  
жиі талатын (айына 5 реттен артық), сериялық талмаға, қояншықтық статусқа бейім, сана-сезімі кіресілі-шығасылы, дисфориялы қояншық ауруы;  
нозиологиялық тәнділіктің кез-келген шеңберіндегі психикаға жақын симптоматика;

аурудың өзіне және айналасындағыларға қауіпті тәртібінің дәрекі бұзылуына апарып соғатын психикалық ауру;

баланы жалпы білім беретін немесе арнаулы ағарту мекемелерінде оқытуға мүмкіндігі бар психикалық аурудың кез-келген түрлері;

Интернат үйіне қабылдауға жатпайтын жалпы қайшы көрсеткіштер болып табылатын:

туберкулез процесінің активті сатысы;  
тері мен шаштың жұқпалы аурулары;  
шиеленіскен жұқпалы аурулар  
қатерлі өтетін ісік аурулары және қатерлі процестердің қайталануы;  
талануы;  
жыныстық аурулары;

интернат үйіне қабылданар кезде жоғары температурасы немесе денесінде бөртпенің белгісіз этиологиясы бар адамдар денсаулық сақтау мекемелеріне жіберіледі.

